



# ӘСКЕРІ

# ZAN GER

Gazet 2017 jylдың қаңтар айнан  
bastap shyǵady  
Газета издается с января 2017 года

№1 (95) - қаңтар/январь 2025 жыл/года

Respublikalyq áskerі-quyqytq gazet / Республиканская военно-правовая газета

## ЖАҢА НЫСАНДАР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

**ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ 99250 ӘСКЕРІ БӨЛІМІНІҢ ЖАҢА НЫСАНДАРЫНЫҢ САЛТАНАТТЫ АШЫЛУЫНА БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НАРИМАН ТӨРЕҒАЛИЕВ, ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ – ҚР ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ БАС ШТАБ БАСТЫҒЫ ГЕНЕРАЛ-ЛЕЙТЕНАНТ СҰЛТАН ҚАМАЛЕТДИНОВ ЖӘНЕ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ АРДАҒЕРЛЕРІ ҚАТЫСТЫ.**

Генерал-лейтенант Сұлтан Қамалетдинов бұл оқиғаның жауынгерлік дайындықты арттырудағы және елдің қорғаныс қабілетін нығайтудағы маңыздылығын атап өтті.

– Бүгін біз Президенттің қорғаныс ведомствосының инфрақұрылымын жетіл-

діру туралы тапсырмасының қалай орындалып жатқанына куә болып отырмыз. Аумақтық қорғаныс мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғауды қамтамасыз етуге арналған әскери ұйым жүйесінде маңызды рөл атқарады. Бригада объектілері құрылысының бірінші кезеңінің аяқталуы – біздің министрлік пен жергілікті атқарушы органдардың тығыз ынтымақтастығының нәтижесі, – деп атап өтті ол.

Жаңа нысандардың ашылуының белгісі ретінде іс-шараның құрметті қонақтары лентаны кесіп, жаңа ғимараттарды аралап шықты

Бастапқы кезеңде әскери бөлімнің штабы, екі казарма, бақылау-өткізу пункті, саптық плац және кіреберіс жолдар пайдалануға беріліп отыр.

Аумақтық қорғаныс бригадасының ко-

мандірі полковник Расул Закиров хабарлағандай, кейін оқу және спорт корпустарын, асхана мен клубты, қоймаларды салып, техникалық аумақты жайластыру көзделіп отыр.

Сондай-ақ, аумақтық қорғаныс бөлімшелері арасындағы жауынгерлік жарыстың қорытындысы бойынша 99250 әскери бөлімі екі жыл қатарынан бірінші орынды иеленіп келеді. 2024 жылдың көктемінде Батыс Қазақстан облысының аумақтық қорғаныс бригадасының жеке құрамы су тасқынына қарсы іс-шараларға тартылды. Табиғи апатқа қарсы күресте бөлімнің жауынгерлері ауыр жұмыс атқарып, құм салынған қаптардан бөгет тұрғызды. Эвакуация кезінде халыққа көмек көрсетті. Дәл осы сындарлы кезеңде әскери қызметшілердің халықпен бірлігі ерекше көзге түсті.



## БЫТЬ ГОТОВЫМИ ПРИЙТИ НА ПОМОЩЬ

**В ГВАРДЕЙСКОМ ГАРНИЗОНЕ ЗАМЕСТИТЕЛЬ КОМАНДИРА ТАНКОВОЙ БРИГАДЫ ПО ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ И ИДЕОЛОГИЧЕСКОЙ РАБОТЕ ПОДПОЛКОВНИК ДУМАН БЛЯЛОВ ОЗНАКОМИЛ ЛИЧНЫЙ СОСТАВ С КЛЮЧЕВЫМИ ТЕЗИСАМИ ИНТЕРВЬЮ ПРЕЗИДЕНТА КАСЫМ-ЖОМАРТА ТОКАЕВА, ОПУБЛИКОВАННОГО В ГАЗЕТЕ «АНА ТІЛІ».**

Офицер напомнил, что армия не только выполняет задачи по укреплению боеготовности подразделений и защите территориальной целостности страны, но и при необходимости оказывает помощь населению в условиях чрезвычайных ситуаций. Эта миссия особенно ярко проявилась в период весеннего паводка 2024 года.



## ДЕЙСТВОВАЛ СМЕЛО И РЕШИТЕЛЬНО

**УКАЗОМ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА ЗА РЕШИТЕЛЬНЫЕ ДЕЙСТВИЯ В УСЛОВИЯХ ЧРЕЗВЫЧАЙНОЙ СИТУАЦИИ НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛЕНИЯ ДАЛЬНОГО РАДИОМАРКЕРНОГО ПУНКТА ВОЙСКОВОЙ ЧАСТИ 30153 МИНИСТЕРСТВА ОБОРОНЫ НУРЛАН БОТАГАРИН НАГРАЖДЕН ОРДЕНОМ «АЙБЫН» III СТЕПЕНИ ИМЕНИ РАХИМЖАНА КОШҚАРБАЕВА.**

В Актау заслуженную награду младшему сержанту Нурлану Ботагарину в торжественной обстановке вручил аким Мангистауской области Нурдаулет Килыбай.

С ответным словом выступил и сам герой. Он выразил слова соболезнования родственникам погибших в авиакатастрофе людей. Поблагодарив за награду, военнослужащий сказал, что не считает себя героем.

– Думаю, на моем месте любой человек поступил бы также. В тот момент мной двигало только одно желание: помочь тем, кто оказался на грани жизни и смерти, – добавил он.

Фигура военного человека, запечатленного в фотохронике, – единственное свидетельство присутствия младшего сержанта Нурлана Ботагарина на месте авиакатастрофы самолета азербайджанской авиакомпании Azal под Актау.



О своем участии в спасении пассажиров потерпевшего крушение самолета начальник отделения дальнего радиомаркерного пункта войсковой части 30153 Министерства обороны младший сержант Нурлан Ботагарин предпочел умолчать.

Но отважного воина на снимках, опубликованных в СМИ, узнали жители поселка Саина Шапагатова. Так постепенно и выяснилось, что первым на месте происшествия оказался именно военнослужащий авиационной базы Военно-воздушных сил РК младший сержант Нурлан Ботагарин.

Туда он прибыл сразу после крушения

воздушного судна, преодолев на автомобиле километровое расстояние, – на таком удалении от места происшествия он был в момент жесткой посадки самолета.

Ему и сегодня сложно вспоминать все обстоятельства трагедии. В его памяти запечатлелся образ бредущей по полю девочки в белой куртке. Сразу мелькнула мысль: значит, есть живые. Убедившись, что девочка цела, и направив ее в сторону приближавшихся автомобилей, Нурлан Ботагарин кинулся к хвостовой части воздушного судна. Взобравшись на корпус перевернувшегося авиалайнера, он проник внутрь салона.

Трудно передать словами увиденную картину: люди с тяжелыми ранениями, открытыми переломами стонали и были в шоковом состоянии.

В первый момент, признается Нурлан Ботагарин, было сложно понять, как помочь им, не навредив. Но постепенно он начал вытаскивать пострадавших и передавать их подоспевшим работникам Мангистауской электросетевой компании. Таким образом он эвакуировал из салона около десяти пассажиров.

Младший сержант Нурлан Ботагарин служит в Вооруженных Силах с 2017 года. Он уроженец села Боранкул Бейнеуского района, ему 29 лет. С супругой Гүлімхан он воспитывает двух дочерей Ақжайну и Ясину.

### ӘСКЕРІ ШЕРУГЕ ДАЙЫНДЫҚ

### РУХЫ КҮШТІЛЕРГЕ ТАУЛАР ДА БАҒЫНАДЫ

### ЗОЛОТЫЕ ЗВЕЗДЫ ДВАЖДЫ ГЕРОЯ



# ӘСКЕРИ ШЕРУГЕ ДАЙЫНДЫҚ

РЕПОРТАЖ

**ҚР ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ ҚҰРЛЫҚ ӘСКЕРЛЕРІНІҢ БАС ҚОЛБАСШЫСЫ ГЕНЕРАЛ-МАЙОР МЕРЕКЕ КӨШЕКБАЕВ «ШЫҒЫС» Өңірлік қолбасшылығына келіп, Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери шеруге қатысатын жеке құрамның дайындығын тексерді.**

Генерал-майор Мереке КӨШЕКБАЕВ, ҚР Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің Бас қолбасшысы: «Біз әскери шеруге дайындықты өткен жылдың желтоқсан айында бастап кеткеніміз баршаңызға мәлім. Шеруге даярлықтың кезеңдерінің бірі – есептоптардың бастапқы әзірлігі жөніндегі бақылау жүргізу және командирлерге көмек көрсету. Ол дегеніміз – жеке құрамды ірік-



Биыл Ұлы Жеңіске – 80 жыл. «Іс-шаралардың ең бастысы – Астанада өтетін әскери шеру. Соғыс және тыл ардагерлеріне құрмет көрсетіледі, ешкім де елесіз қалмайды. Концерттер мен көрмелер өтеді, деректі фильмдер мен бағдарламалар түсіріледі, тарихи кітаптар мен фотоальбомдар шығарылады. Жауынгерлеріміздің есімін ел жадында сақтау үшін зерттеу жұмыстары жалғаса береді. Бауыржан Момышұлының 115, Мәлік Ғабдуллиннің 110, Әлия Молдағұлованың 100 жылдығы салтанатты іс-шаралар тізіміне кіреді. Жеңістің биылғы мерекесі Қазақстанның бірде-бір азаматын бейжай қалдырмайтынына сенімдімін. Өйткені біздің елде сұрапыл соғыстың зардабын тартпаған отбасы жоқ деуге болады. Соғыста қаза тапқандарды ұмытпай, қаһарман ерлеріміздің рухына тағзым ету, ел ішінде бейбітшілік пен тыныштықты сақтау – баршаға ортақ парызымыз» деген болатын Мемлекет басшысы – еліміз Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында.

теу, орналастыру және саптық дайындық бойынша жеке әзірлігі. Бұл жерде дене дайындығымен де айналысу керек. Қатысушылар әбден іріктелгеннен соң, жеке құрам 30 наурыз күні Астана қаласында жинақталып, толық даярлық басталып кетеді.

Кеше Өскемен гарнизонында бір күн жұмыс істеп, сарбаздармен сұхбаттасып, дене шынықтыру жағдайы мен саптық даярлықтарын көрдік. Әскери шеруге баратын әскери қару-жарақ, әскери көлік жүргізушілердің дайындығы да тексерілді. Жалпы жаман емес, дайындықтары жалғасуда.

Әскери парад соңғы рет осыдан сегіз жыл бұрын өтті. Биыл шамамен 3 500-тен астам әскери қызметші қатысады. Әскери әйелдердің бір бөлігі қазіргі заманғы жаңа киіммен, екіншісі тарихи бөлігінде соғыс жылдарындағы батыр қыздар бейнесінде сап түзеп шығады.

Мемлекеттік маңызы зор шараның жаңалығы өте көп. Мәселен, тарихи бөлімде Қазақстан аумағында жасақталған 20 дивизия көрсетіледі. Арнайы операциялар күштері секілді жаңа құрылымдар, жаңа

бірлестіктер әскери шеруде алғаш рет көрінеді. Модернизацияланған жаңа үлгідегі техника, жаңа ұшқыссыз ұшу аппараттары, жаңа ұшақтар да тұңғыш рет ел назарына ұсынылады».

## Әскери парадқа қатысу – үлкен мәртебе

Жауынгерлік парад бүкіл әлемге Отан қорғауды қасиетті борыш санаған қазақ халқының бойындағы батырлық мінезін, мықты рухын, биік намысын танытады. Қарулы Күштеріміздің жауынгерлік қабілеттілігінің деңгейіне қарай құрметі артады. Жеке құрамға да мотивациялық тұрғыдан ықпал етіп, жеке жауынгерлік әзірлік тәжірибесі жинақталады.

**Капитан Альмира ҚЫДЫРМАНОВА, 44736 әскери бөлімі қаржы қызметінің бастығы:** «Мен үш мәрте, нақтырақ айтқанда, 2014 жылы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған 2015 жылы және 2017 жылы өткен әскери шерулерге қатыстым. Әскери қызметші үшін бұл зор құрмет деп ойлаймын».

**Лейтенант Еркежан ҚҰМАРҚЫЗЫ, 30217 әскери бөлімінің 1-ші артиллериялық дивизион офицері – психологы:** «Әскери шеруге қатысуға мен де ниеттімін. Бұл шешімді мақтанш тұтамын. Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова сияқты ержүрек апаларымыздың жолын қуып, елімізге адал қызмет еткім келеді. «Бүгінгі күн – ертеңгі тарих» демекші, бұл – тарих беттерінде жазылып қалатын оқиға».

**Перизат ҚУАНДЫҚОВА, Семей қаласы әскери госпиталь құпия емес іс жүргізу бөлімінің жауапты орындаушысы:** «Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парадқа алғаш рет қатысуға өз еркіммен өтініш білдірдім. Мемлекеттік деңгейдегі ауқымды шара әскери қызметке енді келіп жатқан біз сияқты жас әскерилерге мотивация, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа рух береді. Жігерлендіреді. Біз ерқашан егемен елімізді қорғап, тәуелсіздігімізді сақтау жолында соңғы деміміз қалғанша қызмет етуге дайынбыз».

**Қатардағы Бекболат ҒАЙЫП, 28738 әскери бөлімі 2-ші артиллериялық дивизионы 4-ші батарея есептоп нөмірі:** «Қарулы Күштеріміздің сапында әскери борышымды өтеп жүргеніме үш айдай уақыт болды. Маған Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парадқа қатысу мәртебесі бұйырды. Өз басым екінші дүниежүзілік соғыстан оралмаған атамның рухына бағыштаймын. Айбынды армиямыздың қуатын көрсету әрбір әскери қызметшінің міндеті деп санаймын».

**Қатардағы Асанәлі РАХЫМБАЙ:** «Әскери шеруге қатысатын мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің дайындығы қызу жүргізілуде. Таңғы ұйқыдан тұрғаннан кейін казарма үй-жайында бас қимылдары, түзеу сызықтары, аяқты көтеру, «түзел», «тік тұр» пәрмендерін орындау арқылы әзірлік жүргіземіз. Түстен кейін үлкен алаңға шығып, саптық түзулікті сақтау, саппен жүру, саппен жүріп келе жатып пәрмен орындау секілді жаттығуларды күн сайын тыңғылықты пысықтаймыз».

ҚР Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің Бас қолбасшысы генерал-майор Мереке Көшекбаев Абай гарнизонындағы әскери бөлімдер мен әскери құрылымдардағы әскери әйелдермен ҚР ҚК Ұлттық әскери-патриоттық орталығының Семей филиалында кездесті. Әскери шерудің маңыздылығы, оған қатысушыларды іріктеу мен дайындаудың тәртібі жайында түсіндірді. Жауынгерлік парадқа бұған дейін қатысқан әскери әйелдермен оңаша сұхбаттасты. Сондай-ақ, әскери шеруде көрсетілетін әскери техниканың дайындық барысын тексеру мақсатында «Семей инжиниринг» АҚ атбасын бұрды. Броньды танк қару-жарағы мен техникаларын дайындаумен, жөндеумен және оларды күштік құрылымдардың пайдалануы үшін жаңғыртумен шұғылданатын кәсіпорынның мамандарымен нақты сұрақтар бойынша сөйлесті. Броньды танк техникаларының жөнделу жұмыстарын көрді. Әскери қалашықта мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің әскери шеруге дайындық деңгейін де тексерді.

**Алуа ИСКАКОВА**  
Суреттерді түсірген автор



# РЕШИТЕЛЬНОСТЬ В ДЕЙСТВИЯХ И ЧЕЛОВЕЧНОСТЬ

**ВОЕННОСЛУЖАЩИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ГВАРДИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ВНОВЬ ДОКАЗАЛИ СВОЮ ГОТОВНОСТЬ ПРИЙТИ НА ПОМОЩЬ В ЛЮБОЙ СИТУАЦИИ. ВО ВРЕМЯ ПАТРУЛИРОВАНИЯ ОНИ ОКАЗАЛИ ПЕРВУЮ МЕДИЦИНСКУЮ ПОМОЩЬ ДЕВУШКЕ, КОТОРАЯ УПАЛА В ОБМОРОК.**

Инцидент произошел в одном из оживленных районов города Актобе. В 23:30 часов на маршруте патрулирования на па-

трульной машине по улице Абулхайыр-Хана 62 около здания «Халык Банка» на проезжую часть выбежал неизвестный мужчина и сообщил, что на тротуаре лежит девушка. Услышав это, дежурный патруля незамедлительно прибыл на место происшествия.

Девушка лежала без сознания, со слов мужчины, была вызвана скорая помощь, но еще не прибыла. Долго не раздумывая, дежурный по войсковому наряду майор Дмитрий Муравицкий решил доставить девушку в ближайшую больницу. Благодаря слажен-



ным действиям военнослужащего, ее удалось быстро доставить в многопрофильную областную больницу г. Актобе, где она была передана дежурному врачу. После осмотра врачом было установлено, что у девушки сердечный приступ. В настоящее время состояние девушки удовлетворительное.

Майор Дмитрий Муравицкий скромно прокомментировал ситуацию: «Каждый из нас должен быть готов помочь в сложной ситуации. Это не требует особого героизма, а всего лишь человеческой ответственности».

Национальная гвардия продолжает не только обеспечивать безопасность, но и оказывать поддержку гражданам в трудных ситуациях, демонстрируя высокий уровень профессионализма и человечности.

Пресс-служба РГК «Батыс» НГ РК

## ПРАВОПОРЯДОК ПРЕВЫШЕ ВСЕГО

**В РАЙОННОМ ДОМЕ КУЛЬТУРЫ КОРДАЙСКОГО РАЙОНА ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ СОСТОЯЛСЯ ФОРУМ «ТӘРТІПТІ ӨЗІҢҢЕН БАСТА!» («ДИСЦИПЛИНУ НАЧНИ С СЕБЯ!»). МЕРОПРИЯТИЕ НАЦЕЛЕНО НА СОДЕЙСТВИЕ ПРАВОПОРЯДКУ В ОБЩЕСТВЕННОЙ СРЕДЕ, ПОВЫШЕНИЕ ПРАВОВОЙ ГРАМОТНОСТИ МОЛОДЕЖИ ПО ВОПРОСАМ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ТОРГОВЦЕВ НАРКОТИКАМИ, ПРОТИВОДЕЙСТВИЕ ЛУДОМАНИИ, БУЛЛИНГУ И БЫТОВОМУ НАСИЛИЮ.**

На форуме, проведенном с участием командующего войсками Регионального командования «Юг» генерал-майора Ержана Ибраева, были представлены важные шаги по реализации основных инициатив, направленных на формирование законности и правопорядка, правовой грамотности молодежи. Также говорили о патриотизме и гражданском долге.

В работе форума приняли участие прокурор Жамбылской области Нургалым Абдиров, аким Кордайского района Бегзат Болатбеков, прокурор района Бирлик Избасаров, председатель районного маслихата Нурдин Садыков, депутаты маслихата, представители правоохранительных органов, члены районного совета ветеранов, общественные активисты, представители религии, педагоги и учащиеся старших классов.

Одной из ключевых тем обсуждения стало воспитание патриотизма и гражданской ответственности среди молодежи. На форуме выступил командующий войсками Регионального командования «Юг» генерал-майор Ержан Ибраев. В своем обращении он подчеркнул значение дисциплины,

уважения к закону и роли армии в формировании патриотизма.

- Служение Родине – это служение народу. Выполнение воинского долга – священная обязанность каждого гражданина. Армия всегда была и остается школой дисциплины, мужества и патриотизма. Именно здесь формируется дух преданности своему народу, чувство ответственности за будущее страны. Армия – это основа национальной безопасности, и мы гордимся нашими молодыми людьми, которые с честью выполняют свой долг, – отметил командующий войсками Регионального командования «Юг» генерал-майор Ержан Ибраев.

Прокурор Жамбылской области Нургалым Абдиров говорил о важности самодисциплины, основах преступности среди современной молодежи и подростков, дисциплине родителей, предложил всем собравшимся на форуме активно участвовать в формировании правовой культуры в

обществе. Также прокурор призвал создавать правовую культуру среди молодежи, предотвращать преступления и беспорядки, способствовать укреплению законности и порядка в обществе. Нургалым Абдиров отметил, что необходимо воспитывать молодежь таким образом, чтобы избежать преступности, основываясь на словах известного полковника Бауыржана Момышулы, который сказал, что подчиняющийся дисциплине не будет рабом. В завершение выступления прокурор области подчеркнул, что, сохраняя закон и порядок главной ценностью, каждый гражданин и каждая семья обязаны внести свой вклад в укрепление справедливости и стабильности.

- Призывать к порядку и дисциплине – обязанность не только правоохранительных органов, но и всего общества. Пусть каждый из нас, начиная с себя, внесет свой вклад в укрепление порядка и уважения к закону в своих семьях, селах и районе. Поддерживая подобные инициативы, мы сможем превратить Кордайский район в развитое и образцовое место. Ветераны Кордайского района поддерживают все инициативы, направленные на сохранение единства и стабильности.

- Надеюсь, что сегодняшний форум будет способствовать укреплению этих ценностей и повышению ответственности



каждого гражданина, – сказал Биржан Абдикеримович.

В ходе форума были показаны короткие видеоролики для молодежи по идеологической тематике и образовательному содержанию против наркотиков и интернет-мошенничества.

Далее выступил директор областного центра психологической поддержки молодежи Ришат Раев, который говорил о возможности предоставления правового образования посредством психологической поддержки. Аида Намазова, директор гуманитарно-технического колледжа «Береке», выступила с докладом о мерах, направленных на предотвращение нарушений в колледже.

Вопросы воспитания молодежи в религиозном направлении затронул главный имам района Альмуханбетаранжан Егизбаев.

Форум стал значимой площадкой для обсуждения путей повышения правосознания и воспитания гражданской ответственности у подрастающего поколения. Подобные мероприятия позволяют привлечь внимание молодежи к важным проблемам общества и мотивируют их стать активными участниками в построении безопасного и правового государства.



## ПОВЫШЕНИЕ КООРДИНАЦИИ И ОБМЕН ОПЫТОМ

**В ТАРАЗЕ В ШТАБЕ РЕГИОНАЛЬНОГО КОМАНДОВАНИЯ «ЮГ» СОСТОЯЛСЯ СОВМЕСТНАЯ ШТАБНАЯ ТРЕНИРОВКА, В КОТОРОЙ ПРИНЯЛИ УЧАСТИЕ ОФИЦЕРЫ УПРАВЛЕНИЯ КОМАНДУЮЩЕГО ВОЙСКАМИ РКГ «ЮГ» И КОМАНДИРЫ ВОИНСКИХ ЧАСТЕЙ ЮЖНОГО РЕГИОНА. УЧАСТНИКИ ТРЕНИРОВКИ ОТРАБАТЫВАЛИ ВОПРОСЫ ВЫРАБОТКИ БОЕВЫХ РАСПОРЯЖЕНИЙ, УЯСНЕНИЯ ПОСТАВЛЕННЫХ ЗАДАЧ, А ТАКЖЕ СЛАЖЕННОСТИ РАБОТЫ ШТАБА В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННЫХ ВЫЗОВОВ. ЗА ХОДОМ ПРОВЕДЕНИЯ ТРЕНИРОВКИ С ЦЕЛЬЮ ОЦЕНКИ КАЧЕСТВА НАБЛЮДАЛИ ОФИ-**

**ЦЕРЫ ГЕНЕРАЛЬНОГО ШТАБА ВООРУЖЕННЫХ СИЛ КАЗАХСТАНА.**

Тренировка проводилась под руководством командующего войсками Регионального командования «Юг» генерал-майора Ержана Ибраева и его первого заместителя полковника Нурлана Карибаева. В ходе штабной тренировки было акцентировано внимание на целесообразности принятия командирами решений и быстроте реагирования на изменения обстановки. Участники мероприятия продемонстрировали высокий уровень профессионализма и оперативности в решении поставленных задач.



Особенностью данной тренировки стало привлечение оперативных групп других силовых структур. В число участников вошли офицеры Департамента пограничной службы КНБ, Департамента полиции Жамбылской области, бригады Национальной гвардии, а также Департамента по чрезвычайным ситуациям области. Это позволило не только оценить взаимодействие военных и силовых ведомств, но и обменяться ценным опытом в области координации действий при выполнении комплексных задач.

- Одним из ключевых аспектов совместной работы является укрепление межведомственного взаимодействия, – подчеркнул начальник штаба Регионального командования

«Юг» полковник Нурлан Карибаев. – Штабные тренировки таких масштабов становятся важным элементом подготовки сил и средств, готовых к быстрому реагированию на возможные угрозы и чрезвычайные ситуации.

По итогам тренировки было подчеркнуто, что высокий уровень координации и взаимодействия между различными ведомствами позволит значительно повысить эффективность реагирования на вызовы и угрозы безопасности в регионе.

**Дина МУХАРИНОВА  
Владимир МАРТЫНЕНКО (фото),  
пресс-служба Таразского гарнизона**



## ОТСТАВКАДАҒЫ ПОЛКОВНИК САПАРҒАЛИ ЖАҒЫПАРОВ:

# ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕНДЕР ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

**ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖЕҢІСКЕ БИЫЛҒЫ 9 МАМЫРДА 80 ЖЫЛ ТОЛАДЫ. ОСЫ ЖӨНІНДЕ ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫНДА: «...БИЫЛҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ІШІНДЕ ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫ ЕРЕКШЕ ОРЫН АЛАДЫ. ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР НАЦИЗМДІ ТАЛҚАНДАУҒА ЕЛЕУЛІ ҮЛЕС ҚОСТЫ. БІЗДІҢ АТАЛАРЫМЫЗ БЕН ӘКЕЛЕРІМІЗ БАРЛЫҚ МАЙДАНДА ЖАНҚИЯРЛЫҚПЕН СОҒЫСТЫ. ОНЫҢ ҮСТІНЕ, ҚАЗАҚСТАН ӘСКЕРДІ ҚАРУ-ЖАРАҚПЕН, ӨНЕРКӘСІП ӨНІМДЕРІМЕН ЖӘНЕ АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ІСІНДЕ МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРҒАН СЕНІМДІ ТЫЛ БОЛДЫ...» ДЕП ЕРЕКШЕ АЙТЫП ӨТТІ.**

Өте орынды сөздер. Иә, 1941-1945 жылдарда Отан үшін от кешкен қазақстандықтар қаншама. Тарихи деректерге сүйенсек, соғыс жылдарында Кеңес Армиясының қатарына 1 млн. 200 мыңнан аса қазақстандықтар шақырылды, 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да әскери бөлімдер құрылды. Майданға 14,1 мың жүк және жеңіл автомобильдері, 1,5 мың шынжыр табанды трактор, 110,4 мың жылқы жіберілді. Соңғы деректер бойынша Қазақстаннан майданға аттанған 1 млн. 200 мың жауынгердің 600 мыңы соғыстан қайтып оралмады. Жалпы, бұрынғы Кеңес Одағының 27 миллионға жуық адамын жалмаған қанды қырғында елімізден аттанған 500-ден астам жауынгер 1934 жылы бекітілген ең жоғарғы Кеңес Одағының Батыры атанған болатын, оның 100-ден астамы – қазақтар.

Соғыс аяқталғаннан кейінгі жылдары нақты айтқанда, 1946 жылы Құдайберген Сұрағанов, 1965 жылы генерал Сабыр Рахымов, ал 1990 жылы Бауыржан Момышұлы алды. Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганский, ал Шымкентте орналасқан Чугуев әскери авиация училищесі түлегі И.Н.Кожедуб үш мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. Шығыстан шыққан қос жұлдыз пулеметші Мәншүк Мәметова мен мерген Әлия Молдағұловалар да осы жоғары атаққа лайықты деп танылды. Сонымен қатар 142 қазақстандық Даңқ орденінің толық иегері атанса, Кеңес Одағының орден, медальдарымен марапатталған қазақстандықтар саны 100 мыңға жуықтайды.

Бұл соғысқа Қазақстан Кеңестер Одағының бір бөлігі ретінде қатысты. Қазақстан соғыс уақытында майдан қажетіне қарай бейімделді. Көптеген әскери дивизиялар мен бригадалар, артиллерия, миномет, авиация полктері және дербес батальондар құрылды. Қазақстан жауынгерлері кеңес-герман майданының шешуші шайқастарына қатысты. Соғыстың алғашқы сәтінде шекара шебіндегі Брест қорғанысын қорғаушылар қатарында мыңдаған қазақстандықтар болды. 1941 жылғы қыркүйектің аяғында басталған Мәскеу түбіндегі шайқаста генерал И.Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясы ерекше көзге түсті. Мұнда Бауыржан Момышұлы басқарған 1073-гвардияшыл атқыштар полкі жау шабуылына ерлікпен тойтарыс берді. Мәскеуді қорғауда панфиловшылар дивизиясы бөлімдерінің саяси жетекшілері П.Вихров, М.Фабдуллин, автоматшылар Т.Тоқтаров, Р.Амангелдиев ерлік көрсетті. Қазақстандық әскери құрамалардың үштен бірі 1941 жылғы 9 қыркүйектен бастап Ленинградты қорғауға қатысты. Қазақстан 1942 жылдың жазында Сталинград шайқасының ең жақын тылына айналып, соғыс қимылдарына Батыс Қазақстандағы темір жол стансалары мен елді мекендер кеңінен тартылды. Курск шайқасында және басқа да майдандарда қазақстандық құрамалар мен бөлімдер болды. Балтық бойы республикаларын, Украина мен Белоруссияны, Шығыс Еуропаны азат етуге

және Берлин операциясын жүзеге асыруға қазақстандық жауынгерлер де қатысты. Қазақстандықтар партизан соғысына да белсене қатысты. Ленинград облысындағы шайқастарда - 220, Смоленск жерінде - 270-тен астам, Украина мен Белоруссияда - 3000-дай қазақстандық ерлік көрсетті. Бұлардың ішінде Қ.Қайсенов, Ф.Ахмедияров, Б.Жангелдин, Ә.Шәріпов, Н.Байсейітова мен Т.Жұмабаева, Ж.Саин, Ф.Омаров сияқты қазақтың ұл-қыздары болды. Партизандар командирлері А.Егоровқа, Н.Зебницкийге және Ф.Озмительге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 300-дей қазақстандық Еуропадағы қарсыласу қозғалысына қатысты. Фашизмге қарсы соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін қазақстандық жауынгерлер Квантунь армиясына қарсы шайқасты.

Ж а л п ы  
Ұлы Отан



соғысында 600 000-ға жуық қазақстандық майданда шейіт болды. Соның ішінде, тек менің Солтүстік Қазақстан облысындағы Дәуқара шағын ауылынан 114 адам майданға аттанып, жартысы, дәлірек - 74 жерлесім қаза тапты. Мысалы, тек менің Жағыпар атам тепсе темір үзетін үш ұлын Нұрғали, Құрманғали, Қоңқай, сонымен бірге үш інісін Қайыржан, Әміржан, Айтмағамбеттерді соғысқа жіберіп, өзі Нұрдәулет ұлымен жасөспірім қыздарымен

тылда еңбек етіп, майданды нан, етпен қамтамасыз етті. Өкінішке орай, атамның үш інісі соғыста жеңіске жетпей, қаза тапты. Былай айтқанда, Отан, елі үшін мыңдаған сарбазға туған жерінің топырағы да, ауасы да бұйырмай, майдан даласында қалып қойды. Әрине, бүгін сұрапыл соғысқа қатысқан ардагерлерді еске алып, қалай ардақтасақ та, артықтық етпейді. Олардың жастары бір ғасырға келсе де, майданда алған жарасының орны әлі сыздаса да, Отан үшін от кешкендер ұмыт болмауға тиіс. Астанада өтетін әскери парад бейбіт күнді жақындатқан жауынгерлер үшін үлкен құрмет!

Соғысты бастарынан өткеріп, елді қорғаған сарбаздарымыздың ерлігі айтарлықтай. Ұлы Жеңіс бәріне ортақ. Осы жөнінде Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстанның халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевтың мынадай өлең жолдары бар:

Қорықпай соғыстық,  
бірлесіп тоғыстық,  
Дөйлерге бас имей,  
Осалға болыстық,  
Жүрекке Жеңістің,  
Әлі де нұры ыстық,  
Шындықтан айнымау,  
Шынайы дұрыстық!

Яғни, «Ер етігімен қан кешкен, ат ауыздығымен су кешкен» дегендей, кешегі сұрапыл соғыста еліміз деп жан беріп, жан алысқан аталарымыздың ерлігі жадымыздан мәңгілік өшпейді.



## РУХЫ КҮШТІЛЕРГЕ ТАУЛАР ДА БАҒЫНАДЫ



**ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ-ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ ЖОҒАРҒЫ БАСҚОЛБАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОҚАЕВТЫҢ «АНА ТІЛІ» ГАЗЕТІНЕ БЕРГЕН СҰХБАТЫ КҮНДЕЛІКТІ ЖҰМЫСЫМЫЗҒА ЖАҢА СЕРПІН БЕРІП, ҚАНАТ БІТІРДІ. КӨТЕРІЛГЕН КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ҮН ҚОСУ МАҚСАТЫМЕН АЛДАҒЫ УАҚЫТҚА ЖАСАЛҒАН ЖОСПАРЛАРЫМЫЗДЫ ОДАН ӘРІ ТОЛЫҚТЫРДЫҚ. ШАҒЫН МАҚАЛАМА ОСЫндай АТАУ ҚОЮДЫҢ ОСЫндай СЫРЫ ЖӘНЕ ӨЗ НЕГІЗІ БАР.**

Жалпы, біздің оңтүстік өңірінде ардагерлер жұмысы жақсы жолға қойылған. Мақтанғанымыз емес, бізде күллі ардагерлер қауымының басын қосқан Коалиция жұмыс істейді. Іс-шараларды бірге жоспарлап, бірге жүзеге асырамыз. Тағы бір атап өтерлігі, біз оларды тек қана әскери ортада емес, сонымен қатар азаматтық саладағы мемлекеттік ұйымдармен де бірлесіп атқарамыз. Гарнизонда әскери бөлімдер

және «Жас ұлан» республикалық әскери колледжі, әскери-техникалық мектеп сияқты әскери оқу орындары, қорғаныс департаменті мен оның бөлімдері жетерлік. Оған қоса әртүрлі деңгейдегі 281 жалпы орта білім беретін мектеп, 39 колледж, 9 жоғарғы оқу орындары бар. Бұлардың барлығында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» арнаулы сыныптары жұмыс істейді. Біз олардың барлығына тең көмектесеміз. Жастарды әскерге шығарып салу, Отан алдындағы азаматтық міндетін өткерген сарбаздарды қарсы алу іс-шаралары тіпті жоғары деңгейде өтеді. Ол – біздің бірнеше жылдан бері үздіксіз өткізіп келе жатқан қалыптасқан дәстүріміз.

Аталған сұхбатында Президентіміз биылғы жылдың ерекшеліктеріне кеңінен тоқталды. Әсіресе, Ұлы Жеңістің мерейлі 80 жылдығын атап өтуге байланысты айтқаны елдің көңілінен шықты. Шынымен де біздің аталарымыз, әкелеріміз, тіпті апаларымыз Ұлы Жеңісті жақындатуға ерекше үлес қосқан. Оны біз тарихтан жақсы білеміз. Кеңес Одағының екі дүркін Батырлары Талғат Бигелдинов,

Сергей Луганский аталарымыздың, атақты Баукең батырдың, Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан ағамыздың, әйгілі партизан Қасым көкеміздің, Әлия, Мәншүк, Хиуаз апаларымыздың, т.б. саңлақтарымыздың өнегелі өмірі ұрпақ үшін қашанда мақтанш. Солардың бірі Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов ағамыздың тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі және №1 Халық қаһарманы атануы да тегін емес.

Ұрыс даласында да, өндіріс саласында да халқымыз «Бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті, ұйымшылдықтың биік өресін, батырлықтың үлгісін көрсетті. Қару-жарақтан бастап азық-түлік пен киім-кешекке дейін майданға жіберді. Тарих оны ешқашан ұмытпайды. Жауынгерлік ерлігі үшін берілетін жоғары наградалардың бірі «Айбын» орденінің үш дәрежесіне өткен жылы Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рақымжан Қошқарбаевтың есімдерінің берілгенін жақсы білеміз. Бұл Отан қорғаушылар рухын асқақтатқан тамаша қадамның бірі болды.

Соңғы күндердің өзінде ғана Сайрам аудандық қорғаныс істері

жөніндегі бөлімде Таулы-Қарабақ ұрыс қимылдарының 2024 жылды қорытындылаған үлкен жиынын өткіздік. Жиында Сайрам АҚІЖБ-нің бастығы подполковник Ғ.Балғынбаев жуырда ғана «ардагер» мәртебесін алған Сахов Нұрлан, Суцкий Александр сынды қос ардагерімізге «3а боевые заслуги» медалін тапсырды.

ҚР ҚМ Сабыр Рахымов атындағы Әскери колледжі Түркістан облысының Төлеби ауданында үгіт-насихат жұмысын жүргізді. Оған аталмыш аудандық білім бөлімінің басшысы, педагогика ғылымының докторы, профессор Бекайдар Тойлыбаев, алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің әдіскері, ҚР ҚК ардагері, запастағы полковник Әуезхан Әлімбаев, «ҚР ҰҚК Шекара қызметі ардагерлері» РҚБ Түркістан облысы бойынша төрағасы запастағы подполковник Сапарғали Түймебеков және басқалар қатысты.

Біздің Ардагерлер коалициясы күн сайын 5-10 іс-шара өткізеді. Мұның сыртында Ерлік сабақтары тұрақты жүргізіледі. Сабақ жоспарына сәйкес онда халқымыздың өткен ғасырлардағы тарихи тұлғаларынан бастап бүгінгі



күннің батырларына дейін жеке адамдардың өнегелі өмірі жайлы кең қамтылып айтылады. Кейіпкерге арналған баяндамамен қатар слайд көрсетіліп, альбом жасалып, рефераттар қорғалады. Сөйтіп жас ұрпақтың отансүйгіштік сезімін қалыптастырып, жастарға патриоттық тәрбие беруде сапалы білім, саналы тәлім қалыптасады.

Президент мақаласына орай қосымша атқарылатын жұмыстар жоспары түйінделді. Осы уақытқа дейін қалыптасқан дәстүріміз бойынша біз оның жүзеге асу барысын алдағы уақытта өзгелермен бөлісіп отыратын боламыз. Рухы күштілерге таулар да бағынады. Бабалар салған сара жолды одан әрі жаңғыртуға біз сөзімізбен де, ісімізбен де лайықты боламыз!

**Отставкадағы полковник Серікбай Онбаев, «ҚР ҚК Ардагерлері» РҚБ Шымкент филиалының төрағасы, Шымкент қаласы Ардагерлер коалициясының төрағасы, Шымкент қаласының Құрметті азаматы**

## АҚТӨБЕДЕ ГЕНЕРАЛ ЖАНСЕН КЕРЕЕВТІ ЕСКЕ АЛДЫ



**ЖАНСЕН КЕРЕЕВ – КЕҢЕС ЗАМАНЫДА ГЕНЕРАЛ-ЛЕЙТЕНАНТ АТАҒЫНА ИЕ БОЛҒАН АЛҒАШҚЫ ЖӘНЕ ЖАЛҒЫЗ КАДРЛЫҚ ҚАЗАҚ ОФИЦЕРІ.**

Вокзал маңындағы алаңда Ақтөбе облысының атақты тұрғынына гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Оған Қарулы Күштердің, Ауған соғысының ардагерлері мен әскери басшының туыстары қатысты.

– Генерал-лейтенант Жансен Кереев

өмірінің соңына дейін патриот болып қала берді. Өмірінің 52 жылының, оның ішінде 33 жылын Отанынан жырақта өткізді. Ол Забайкалье әскери округінде, Венгрияда, Германияда және Вьетнамда қызмет етіп, 1983 жылы сәуірде қайтыс болды. Бірақ Жансен Кереев қай жерде қызмет етсе де, қазақ даласын әрдайым сүйіспеншілікпен еске алып, жерлеріні қолдады, - деді «Қарулы Күштердің ардагерлері» облыстық филиалының төрағасы Қажымұқан Сатенов.

Жансен Кереев 1930 жылы Ақтөбе облысының Ырғыз ауылында дүниеге келген. Оқуды бітіргеннен кейін Куриль аралдарында Кеңес Армиясының қатарында қызмет етті. Кейін Благовещенское жаяу әскер мектебін, Фрунзе атындағы әскери академияны, Бас штабтың әскери академиясын, Бас штаб академиясының жоғары академиялық курстарын бітірді.

1953 жылдан 1956 жылға дейін Чита маңындағы взводты басқарды. Германияда, Ленинград әскери округінде қызмет етті, ГДР-дағы 27-ші гвардиялық мототыңшытар дивизиясын басқарды, Германиядағы Кеңес әскерлері тобының 3-ші жалпы армиясының штаб бастығы болды. 1979 жылдан 1982 жылға дейін Еділ әскери округінің штаб бастығы



қызметін атқарды.

1982 жылы қаңтарда ол Вьетнамға Вьетнам Халық армиясы штабының аға кеңесшісі және Ұлттық қорғаныс министрлігі Әскери кеңесі басшысының бірінші орынбасары болып тағайындалды.

– Жансен ағай адал әрі батыл адам болған, өз елінің нағыз патриоты еді. Оның туған күнін 1980 жылы бірге атап өткеніміз есімде. Бірақ, өкінішке қарай,

бірнеше жылдан кейін көз жазып қалдым. Мен бүгін мереке күндеріне қарамастан оның құрметіне келгендердің барлығына ризамын. Бұл біздің отбасымыз үшін өте маңызды, - деді генералдың жиені Амангелді Жоланов.

Іс-шара өмір жолы батыллықтың, адал қызметтің және шынайы патриотизмнің үлгісі болған көрнекті әскери қолбасшыны құрметтеудің жарқын дәлелі болды.

# ЗОЛОТЫЕ ЗВЕЗДЫ ДВАЖДЫ ГЕРОЯ

**ПАМЯТЬ НЕПОДВЛАСТНА ВРЕМЕНИ. БЫСТРОТЕЧНЫ ГОДЫ, ИХ НЕЛЬЗЯ ОСТАНОВИТЬ ДАЖЕ НА МИГ. КАЗАЛОСЬ БЫ, НЕ ТАК ДАВНО ОТМЕТИЛИ ОЧЕРЕДНОЙ ЮБИЛЕЙ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ, А УЖЕ В ЭТОМ ГОДУ ИСПОЛНЯЕТСЯ 80 ЛЕТ СО ДНЯ, КОГДА ОТГРЕМЕЛИ ПОСЛЕДНИЕ ЗАЛПЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ.**

Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев в интервью, данном газете «Ана тілі», отметил, что «чествование 80-летия Великой Победы займет видное место в государственной повестке нынешнего года. Казахстанцы внесли значительную лепту в разгром нацизма. Наши отцы и деды героически воевали на всех фронтах, Казахстан к тому же стал надежным тылом, сыграл важную роль в снабжении армии вооружением, промышленными товарами и продовольствием».

Разумеется, большой вклад в Победу в Великой Отечественной войне внес казахский батыр, прославленный летчик-ас, дважды Герой Советского Союза, генерал-майор авиации Талгат Бегельдинов, которому не так давно исполнилось 100 лет со дня рождения. С давнего времени у нашего народа существует хорошая пословица: «Сталь закаляется на огне, батыр – на войне», такую закалку на фронте испытал Талгат Якубекович.

Мне еще при жизни не раз приходилось с ним встречаться, брать интервью. Несмотря на свои заслуги, Талгат Якубекович был очень скромным, отзывчивым, заботливым человеком. Во время беседы он никогда себя не выпячивал, а больше вспоминал своих командиров, однополчан. Об этом же в свое время, давая мне интервью, вспоминал прославленный летчик-ас, трижды Герой Советского Союза, маршал авиации Александр Покрышкин.

Несмотря на свое величие и заслуги, он всегда оставался скромнейшим, добрым, благородным, любил пошутить, – говорил Покрышкин. – Но скромнейший на земле, Бегельдинов преобразался в небе, в бою. Все, кто знал Талгата, восхищались его мастерством, храбростью, выносливостью».

**«Скромнейший на земле, Бегельдинов преобразался в небе...»**

Словом, вся жизнь Талгата Бегельдинова – пример высокой доблести и отваги, профессионализма и преданности Отчизне. Об этом свидетельствуют сами факты. Так, за годы войны он совершил 305 вылетов на штурмовике «Ил-2», при этом в воздушных боях лично сбил семь фашистских самолетов. Это 500 часов в воздухе. Неслучайно в летной книжке летчика-штурмовика есть такая запись: «Техника пилотирования на самолете отличная. Летать любит. В полетах не устаёт. Трудолюбив. Летных происшествий не имеет. В воздухе спокоен, летает уверенно». Данные строки, написанные еще в конце 1942 года, характеризует всю боевую деятельность отважного фронтовика.

Он успешно выполнял самые ответственные задания, приказы командования, сражаясь на многих фронтах, участвуя в крупных боевых операциях.

Штурмовики под командованием Бегельдинова внесли огромный вклад в достижение победы при освобождении Орла и Белгорода, Харькова и Львова, и других битвах. За героические подвиги был награжден орденами Ленина, Красного Знамени, Александра Невского, Красной Звезды, Славы III степени, Отечественной войны I и II степеней, был дважды удостоен звания Героя Советского Союза. Удостоен герой и казахстанских наград.

Что и говорить, имея такие заслуги, батыр оставался уважаемым в обществе, среди людей. В честь Бегельдинова многие отцы родившихся сыновей называли Талгатом. В память о знаменитом пилоте Талгате Бегельдинове установлен памятник

в столице Казахстана, названа улица, есть бюсты в Кокшетау и других городах. В его честь открыта мемориальная доска на фасаде дома, где он проживал в последние годы. Его имя также носит Военный институт Сил воздушной обороны в городе Актобе.

Родился 5 августа 1922 года именно на земле Сарыарки, в ауле Майбалык Акмолинской области. Аул находится под сопкой Акбулак, где бьет из-под камня прекрасная лечебная вода. Как говорят сами казахи: именно то место, где брызнула кровь из перевязанной пуповины, – вспоминал Талгат Якубекович. – К слову, некоторые до сих пор путают мое место рождения с городом Пишпек (ныне Бишкек – столица Кыргызстана), там лишь прошли мои детские и юношеские годы.

Шестнадцатилетним юношей поступил в аэроклуб. После окончания аэроклуба учился в Саратовском и Оренбургском военных авиационных училищах.


Свой боевой путь начал как пилот штурмовика «Ил-2» в 800-м штурмовом авиаци-



онном полку 296-й авиадивизии. Первый боевой вылет в звании сержанта совершил утром 17 февраля 1943 года. Но он мне, как ни странно, казался тогда особенно важным, ответственным, – подчеркивал ветеран. – Все в этом полете было новым, необыкновенным: и извилистые очертания траншей на передовой позиции, и облачка взрывов зенитных снарядов, и окутанная серой дымкой израненная земля. На протяжении всего полета внимательно следил за ведущим, в точности повторял его маневры.

Но вот самолеты пошли на бомбежку. Спикировал на цель и сбросил бомбы, они упали точно на бензохранилище. При втором заходе поджег склад боеприпасов. Когда самолеты вернулись на аэродром, командир полка майор Митрофанов похвалил меня и моих товарищей. И эта похвала еще больше воодушевила.

Да, в дальнейшем прошел он Великую Отечественную в составе 144-го гвардейского штурмового авиационного полка. Принимал участие в боях на Калининском, Воронежском, Степном, в 1-м, 2-м Украинских фронтах. Эскадрилья штурмовиков под его руководством наносила мощные удары по фашистским войскам на территории Германии, при штурме Берлина. Отважный солдат выполнял сложные разведывательные полеты в тыл противника. Исключительные по дерзости и боевому мастерству воздушные бои сделали его имя легендарным. Представьте себе, в 23 года от роду он стал дважды Героем Советского Союза.



Однако, говорил фронтовик, летное мастерство пришло не сразу. Были не только победы и успехи, не только радостные дни, но и тяжелые, изнурительные бои, потери. И эти дни не вычеркнешь из памяти, от них не уйдешь, как не уйдешь, не спрячешься от собственной совести.

Не мог в разговоре Бегельдинов не вспомнить своих первых командиров, на-

митт» на хвосте!». Смотрю, действительно «на хвосте» висит вражеский истребитель. Маневрирую, «мессер» не отстает и не стреляет. Чувствую, что за штурвалом опытный ас. Меня задело за живое. Ну, думаю, держись, гад, сейчас прикончу. Не успел, как говорится, глазом моргнуть, опять слышу тот же голос боевого товарища: «Командир, истребитель улетел восвояси!». Доложив командованию о выполнении боевого задания, иду вдоль кромки аэродрома и вижу как тот знакомый «мессер» садится на нашу посадочную полосу. Разумеется, переволновался. Потом понял, что это был вовсе не «Мессершмитт», а истребитель американского производства, за штурвалом которого сидел гроза фашистов, легендарный Александр Покрышкин, выполнивший в годы войны 600 боевых вылетов, сбивший 59 самолетов противника, ставший впоследствии трижды Героем Советского Союза, маршалом авиации. Узнав о том, что я летел на самолете под седьмым номером, решил он со мной познакомиться поближе. «Как, тяжело было? Ничего, молодец джигит, испытание выдержал, летное искусство освоил отлично» – с этими словами Покрышкин обнял меня. Да, было приятно, что настоящий ас (в то время он был полковником, командиром дивизии) так оценил мой труд. С тех пор наша фронтовая дружба не прерывалась. В послевоенное время, будучи слушателем Военно-воздушной академии, не раз бывал в гостях у маршала авиации. Своей супруге, шутя, говорил: «Этого парня я когда-то до смерти напугал».

Хочу сказать о том, что у нас добрые отношения были и с другими однополчанами, фронтовиками, трижды Героем Советского Союза, маршалом авиации Иваном Кожедубом, дважды Героем Советского Союза, генерал-майором авиации Сергеем Луганским и другими.

«Летчик с орлиной хваткой» – говорил о Бегельдинове командир дивизии, представляя его как-то журналистам фронтовых газет.

Пройдут годы, и генерал Николай Каманин не раз еще добрым словом отзовется о Талгате Бегельдинове, о его боевых делах. – Большое удовлетворение испытывал, подписывая наградные листы, а затем и представление к офицерскому званию Талгата Бегельдинова, – вспоминал Каманин. – Этот славный сын казахского народа прошел замечательный боевой путь. Под Харьковом он был ранен, сбит, блуждал по вражеским тылам и выжил всем смертям назло. Вернувшись в свой полк, он снова стал громить фашистов, водить большие группы штурмовиков.

Как одному из лучших летчиков, Талгату Бегельдинову часто поручали разведку. И он всегда охотно выполнял такие задания. С ловкостью природного охотника выслеживал он скопления фашистских войск, боевой техники, фотографировал и наносил на карту обнаруженные в тылу врага аэродромы, переправы, железнодорожные эшелоны и другие важные объекты, немедленно сообщал командованию о замеченном.

Завершил войну отважный воин на Красной площади, по которой прошел как участник легендарного Парада Победы 24 июня 1945 года.

После окончания Военно-воздушной академии Бегельдинов служил в штурмовом авиационном полку в Украине, руководил штабом в Краснодарской высшей школе штурманов ВВС.

По состоянию здоровья Талгат Якубекович ушел в отставку, но его жизнь и в дальнейшем была связана с авиацией: он был заместителем председателя управления Гражданской авиации Казахстана.

Получив еще одно высшее образование, на этот раз инженерно-строительное, вносил конкретный вклад в возведение промышленных и социально-культурных объектов Казахстана. В ряде крупных городов в этот период под его руководством созданы около двух десятков взлетно-посадочных сооружений.

Умер герой в ноябре 2014 года, на 93-м году жизни. О нем нынче сняты фильмы, а документы и фото навсегда остались в экспозиции главного музея Великой Отечественной войны в Москве.

**Сапаргали ЖАГИПАРОВ,**  
военный журналист

## ДЛЯ РЕШЕНИЯ САМЫХ СЛОЖНЫХ ЗАДАЧ

**ВОЕННОСЛУЖАЩИЕ СИЛ СПЕЦИАЛЬНЫХ ОПЕРАЦИЙ ОТМЕЧАЮТ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ ПРАЗДНИК. КОМАНДОВАНИЕ СИЛ СПЕЦИАЛЬНЫХ ОПЕРАЦИЙ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ РК (ССО) БЫЛО СОЗДАНО УКАЗОМ ПРЕЗИДЕНТА 19 ЯНВАРЯ 2022 ГОДА.**

Воинское формирование предназначено для решения специальных задач по обеспечению обороноспособности и военной безопасности страны. При необходимости подразделения ССО участвуют в антитеррористических операциях, оказывают противодействие незаконным вооруженным формированиям.

В Силах специальных операций внедрены новые программы боевой, командирской

подготовки, курсы стрельб из стрелкового оружия, минометов и вооружения боевой техники. Документы переработаны с учетом системы подготовки спецназа стран, имеющих боевой опыт.

Упор делается на качество обучения личного состава, слаженность частей непосредственного подчинения и компонентов Сил специальных операций. Особое внимание уделяется применению беспилотных технологий и подготовке специалистов этого профиля.

Военнослужащие Сил специальных операций – участники многих республиканских и международных учений, курсов по выживанию в сложных климатических условиях, высотным прыжкам, огневой и горной подготовке. В составе сборной команды Мини-



стерства обороны они являются двукратными обладателями Кубка по рукопашному бою среди силовых органов Казахстана, трехкратными и абсолютными чемпионами СНГ. По итогам соревнований в 2024 году военнослужащие Сил специальных операций завоевали 83 медали различного достоинства.

Командование Сил специальных операций целенаправленно занимается формированием резерва профессионально подготовленных военнослужащих. С этой целью



организовано квалификационное испытание, по результатам которого 29 военнослужащих заслужили право ношения бордового берета – символа воинской доблести, мужества и отваги.

Сегодня это специально обученное, технически оснащенное, хорошо экипированное передовое формирование Вооруженных Сил готово к выполнению самых сложных задач по защите интересов государства и обеспечению его обороноспособности.

## ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДЕ МОДУЛЬДІК ҒИМАРАТ САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

**ҚАЗАҚСТАН ӘСКЕРІНДЕ МОДУЛЬДІК ҒИМАРАТТАРДЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖАЛҒАСУДА.**

2024 жылдың өзінде 56 модульдік ғимарат пайдалануға берілді, оның ішінде 25 казарма, 4 асхана және 13 әкімшілік үй-жай бар.

Бұдан басқа, бір жыл ішінде өткен Бірлестік-2024», «Шексіз бауырластық», «Мыңжылдық бауырластық» ауқымды оқу-жаттығуларына, «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынына дайындық

кезінде оқу-жаттығу орталықтары мен полигондардың инфрақұрылымын жетілдіру жұмысы жүргізілді.

Әскери бөлімдер мен мекемелердегі 800-ден астам нысан дербес жөндеуден өтті.

Еліміздің бес өңірінде әскери қызметшілерге арналған жаңа үйлер салынып жатыр

Қазақстанның бес өңірінде әскери қалашықтардың құрылысы жалғасуда. Семей, Ақтөбе, Шымкент, Қонаев және Атырауда Қарулы күштердің офицерлері мен келісімшарт бойынша әскери қызметшілерге ар-

налған көп пәтерлі модульді тұрғын үйлер салынып жатыр.

Сонымен қатар, 7 әскери қалашықта 58 мың шаршы метрден аса алаңға бетон асфальт төселген.

Тұрғын үй-тұрмыстық жағдайды жақсарту мақсатында жаңа жөндеуден өткен тұрғын үйге ерекше күтімді қажет ететін балалар өсіріп отырған отбасылар қоныстанған.

Бұған қоса 2024 жылы әскери қызметшілер Қазақстанның әр өңірінен 328 пәтерді жекешелендірді.

Қонаев қаласында «Балдәурен» балаларды сауықтыру орталығының қасбеттері жөнделіп, футбол және волейбол алаңдарына қоршау орнатылды, жазғы асхананы жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Қарулы Күштер өздері шығарған жиһаздармен және қоршаулармен 100% қамтамасыз етуде

Қарулы Күштердің аудандық пайдалану бөлімдерінде өз өнімдерін көбейту жалға-

суда. 2024 жылы ангарлар өндірісі 25%-ға артты (24 дана салынды), 38 шақырымдық 3D-қоршаулар, 1,5 шақырымнан аса «Егоза» типті сымдар, 670 шаршы метр ПВХ-бұйымдар және 8 540 бірлік жиһаз, оның ішінде 400 асхана үстелі, 2400 төсек тумбалары, 1100 оқушы партасы, 3800 орындық, 40 киім шкафтары жасалды.

Өткен жылдың өзінде жиһаз өндірісінің арқасында Құрлық әскерлері және Десанттық-шабуылдау әскерлерінің казармалық қоры 30%-ға жаңартылды. Астана әскери колледжінде және Қарағанды мен Алматы қалаларындағы «Жас ұлан» республикалық мектептерінде казармалық жиһаз толығымен жаңартылды.

2025 жылға қосымша станоктар, аралар, жиһаз жасауға арналған жабдықтар мен пішінделген қаңылтырлар сатып алу жоспарланған, бұның бәрі Қарулы Күштерге қажетті тауарлардың өндірісін кеңейтуге мүмкіндік береді.

## ЖАУЫНГЕР ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАПҚАН



**ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ АТҚАН ТҰСТА ЖАС МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ АЛДЫНАН БҰРЫН-СОҢДЫ БОЛМАҒАН МҮМКІНДІКТЕР АШЫЛДЫ. МҮМКІНДІКТЕРМЕН ҚАТАР ҮЛКЕН ТӘУЕКЕЛ ДЕ БОЛДЫ. ОБЪЕКТИВТІ, ТІПТІ СУБЪЕКТИВТІ ҚИЫНДЫҚТАР БОЛДЫ. МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАР ҚҰРУДА ЕШҚАНДАЙ ТӘЖІРИБЕ БОЛМАДЫ. ЭКОНОМИКАЛЫҚ, САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРҒЫДАҒЫ ҚИЫНДЫҚТАР ӨЗІНШЕ, ҰЙЫМДАСТЫРУ-ЖҰМЫЛДЫРУ ШЕҢБЕРІНДЕ ДЕ ҚЫРУАР ЖҰМЫС ЖАСАЛДЫ. ОДАН БЕРІ 30 ЖЫЛДАН АСТАМ УАҚЫТ ӨТТІ. ТАЛАЙ ЕСТЕЛІКТЕР АЙТЫЛДЫ, КИНОЛАР ТҮСІРІЛДІ, КІТАПТАР ЖАЗЫЛДЫ. БӘРІ ОРЫНДЫ, ЗАҢДЫЛЫҚ. ТАРИХЫМЫЗ, ТӨЛ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІМІЗ ДЕ БҰЛ КӨШТЕН ҚАЛЫСПАДЫ.**

Егемен елдің дербес әскерінің болуы уақыт талабынан туындады. Заманның қиындығына, жағдайдың ауырлығына қарамай әскеріміз нық қаз-қаз тұрып, сенімді тәй-тәй

басып кетті. Мемлекеттік маңызы бар бұл іске тәрбие құрылымының офицерлері де бір кісідей атсалысты. Әскеріміздің іргетасын қалаған тұңғыш Қорғаныс министрі, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың алғашқы 4 орынбасарының бірі осы тәрбие бағытына жауапты тұлғаның болуы көп жайды аңғарта керек.

«Тәрбие жұмысы» деген айтуға ғана жеңіл, астарына үңілсек, әскери адамның құқығы, әлеуметтік қорғалуы тәрізді мәселелер кешені топтасқан. Осы ауыр жүкті абыроймен көтере білді. Алғашқы жылдары Тәрбие жұмысы басқармасының (кейіннен Департамент мәртебесін алды) тізгінін генерал-майор Айтқали Есенғұлов ұстады. Білімді, тәжірибелі, тек әскери емес, жалпы өмірдің ыстық-суығын көрген офицер. Қорғаныс министрлігінде әр тоқсанда бір рет жоспарлы түрде әскери алқа жиыны болып тұратын. Өзекті деген 3-4 мәселе қарастырылады. Тылдық қамтамасыз ету, жауынгерлік дайындық барысы, қысқа әзірлік тәрізді мәселелер талқыланатын. Біраз сұрақтар 2-3 жиыннан кейін қайталанып отырса, тәртіп, тәрбие мәселесі күн тәртібінен түспейтін. Әскери тілші ретінде сол алқа жиындарының біразына қатыстым. Бас әскери прокурор генерал-лейтенант Юрий Хитриннің «әскерде тәрбие жұмысы жоқ, түсіндірме жұмысы жүргізілмейді» деген сынына Айтқали Ғұсманұлының «заңдылық сақталмайды, жүздеген сарбаз ешбір үкімсіз гауптвахтада отыр» деп қарсы сын айтқаны есімде. Бұл бір ғана мысал. Осындай қызылшеке дау-дамайды кез келген мәселе бойынша байқауға болатын. Форма киген адамның абыройын, құқығын қорғауда генерал өзі пана бола білді, ондаған-жүздеген



қарамағындағы тәрбиеші-офицерлерге үлгі бола білген еді. Жалпы, офицерлер корпусында тәрбиеші офицерлердің алатын орны ерекше. Мектеп бітірген бозбалаға әскер қатарында қызмет етудің асыл парыз сүйектен өте жеткізе білуі, мамандық таңдаудың бағыт-бағдарын көрсетуден бастап отансүйгіштік пен ұлтжандылық қасиеттердің бойға қалыптасуы сынды сұрақтарда үнемі көштің басында жүрді. Бір сөзбен айтқанда, тәрбиеші-офицерлер әр кезде де өздеріне сеніп тапсырылған сенім туын жоғарыдан желбірте білді.

Тарихқа шамалы шегініс жасасақ, тәрбиеші офицерлердің жүріп өткен жолы мақтауға да, мақтануға да лайық. Ұлы Отан соғысынан кейін майдангерлерге естелік жазуға тыйым салынған. 1965 жылы ғана мемлекет басшылығы естелік, мемуарларға мүмкіндік берген. Естеліктердің басым көпшілігінде жауынгерге рух берген жүректен шыққан жалынды сөз екені, ол сөзді көбіне комиссарлардың айтқаны тілге тиек етті. Нәтижесінде, 60-шы жылдардың ортасында «адам жанының инжинерлері» атанған тәрбиеші офи-

церлерді даярлайтын арнайы оқу орындарын ашу туралы шешім қабылдаған. Бір мезгілде 10-нан астам әскери-саяси училищелер бой көтерген. Қазақ әскерінің сапында тұрған тәрбиеші-офицерлерінің басым көпшілігі осы білім ошақтарының түлектері болды. Бұл ретте ең алғашқы толқын полковниктер Шәмтеев, Баиров, Кашталаян, Мешков, Зайцев, Есенов, Воронин, 1 рангалы капитан Жанпейсов, кейінгі ұрпақ өкілдері Мұғалов, Кәрібжанов, Қайырханов, Қаһарманов, Дон тәрізді ондаған білікті офицерлердің есімдерін атауға болады. Уақытпен, табиғат ерекшеліктерімен санаспай, шалғайдағы гарнизондарда жеке құрамның жанында тер төгіп жүрген тәрбиешілер қаншама. Әрқайсысына мақтау, мадақтау айтса, артық болмайды.

19 қаңтар – Қазақстан әскерінің айтулы бөлігі, тәрбиеші офицерлердің кәсіби мерекесі. Салаға қатысы бар барша азаматтарды айтулы мерекемен құттықтаймыз.

**Запастағы подполковник  
Сәндібай КҮМІСБЕКОВ**

## МЕРЕКЕЛІК ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

**«АСТАНА» Өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты 06708 әскери бөлімінің бірқатар көп балалы әскери қызметшілердің балғын шақтағы балалары мерекелік қуанышқа бөленді. 06708 әскери бөлімінің командирі подполковник Дамир Шарипов көп балалы отбасылардың үйлерінде болып, алдынан жүгіріп шыққан ұл-қыздарына жаңажылдық сыйлықтарды өз қолымен табыс етті.**

Алдымен, бөлім командирі подполковник Д.А. Шарипов әскери бөлімнен тысқары, Приозерск қаласының тұрғындары қатарынан тұрмыс-тіршіліктері төмен, әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарға көмек көрсетуді жөн санады. Мұқтаж жандардың отбасыларында болған әскери лауазымды тұлға күнделікті тұрмыстық тіршіліктерін көзбен көріп, отбасыда тұрып жатқан тұрғындардан қандай шешуді қажет ететін мәселелері бар екенін сұрап білді. Отбасы мүшелеріне өзімен бірге ала келген азық-түліктерді үлестіріп, Жаңа жылда жаңа табыстарға жетуіне тіледі.

Бөлім командирі подполковник Дамир Алтайұлы өз кезегінде: «Біз әскери адам болған



соң, ешкімді бөле жармау керекпіз. Нағыз Отан қорғаушы ретінде әлеуметтік қолдауды қажет ететін мұқтаж жандарға қол ұшын созып, көмек беруден жалықпағанымыз абзал» - деп ой түйді. Жаңа жыл қарсаңындағы осы бір игілікті іс-шара барысында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері Тілек Кенжебеков 06708 әскери бөлімі командирінің қасынан табыла білді.

Думан Жұмашұлы

## ӘСКЕРИ ҚОЯН-ҚОЛТЫҚ ҰРЫСТАН ӨТКЕН САЙЫС

**ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ КҮНІ ШЫМКЕНТТЕ ОРНАЛАСҚАН 36814 АРНАЙ ОПЕРАЦИЯЛАР КҮШТЕРІНІҢ ӘСКЕРИ БӨЛІМІНДЕ АРМИЯ ҚОЯН-ҚОЛТЫҚ ҰРЫСТАН САЙЫС ӨТТІ. ЖАРЫС ЖАЛПЫ САНЫ СЕКСЕН ҚАТЫСУШЫДАН ТҰРАТЫН ЖЕТІ ӘСКЕРИ КОМАНДАНЫ БІРІКТІРДІ. ТУРНИР 57 КЕЛІДЕН БАСТАП, 85 КЕЛІДЕН АСАТЫН ЖЕТІ САЛМАҚ ДӘРЕЖЕСİNДЕ ӨТТІ. ТУРНИРДІҢ БАСТЫ ЖҮЛДЕСІ БӨЛІМ КОМАНДИРІНІҢ АУЫСПАЛЫ КУБОГЫ БОЛДЫ.**

Жарысқа қатысушыларға арнаған сөзінде 36814 әскери бөлімінің командирі полковник Ұлықбек Сақ олардың дене шынықтыру дайындығының жоғары деңгейін атап өтіп, спорт пен қызметте одан әрі табыс тіледі.

– Бүгін біз жарқын және әсерлі турнирдің күәсі болдық. Қатысушылардың әрқайсысы ерік-жігерін, табандылығын және нағыз күрес рухын көрсетті. Бұл жарыстар біздің әскери қызметшілеріміздің дайындығы мен білігінің жоғары деңгейін көрсетті. Жеңімпаздарды лайықты марапатымен тағы да құттықтап, барлық қатысушыларға тамаша жекпе-жегі үшін алғыс айтқым келеді, - деп атап өтті полковник Сақ.

Жарыс қорытындысы бойынша бірінші жалпыкомандалық орынды 36814 әскери бөлімінің арнайы (ерекше) тағайындалған командасы жеңіп алды. Турнир барысында қатысушылар әр әскери қызметшіге қажетті маңызды дағдыларды көрсете отырып, өздерінің шеберліктері мен тамаша дайындықтарын көрсетті.

– Әскери қоян-қолтық бұл әскери қызметшілерді даярлаудың негізгі элементі болып табылады. Жақын шайқаста, атыс қаруын

қолдану мүмкін болмаған жағдайда, бұл жауынгерлік және спорттық техниканы қолдана білу өмір сүру мен жеңістің негізі болады. Бұл жарыстар біздің жауынгерлеріміздің дағдыларын жетілдіруге және мінезін шыңдауға көмектеседі, - деп атап өтті 36814 әскери бөлімінің дене шынықтыру нұсқаушысы подполковник Нұрдиар Құдайбергенов.

Сайыстың қорытындысы бойынша «Үздік жауынгер» атағы капитан Әмір Ермұхамбетке табысталса, «Жеңіске деген ерік-жігері үшін» сыйлығы сержант Дархан Барлыбаевқа бұйырды.

Турнир жеңімпаздары грамоталар, бағалы сыйлықтар және бригада командирінің ауыспалы кубогымен марапатталды.

Шымкент гарнизонының баспасөз қызметі



## ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАРДЫҢ ОТБАСЫЛАРЫН ҚУАНТТЫ

**Жылдың ең мейірімді және сиқырлы мерекесінің қарсаңында әрқайсымыздың жүрегіміз еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігін сақтау жолында жүрген жауынгерлерімізге жылулық пен ризашылық лебіздерін жеткізуге тырысамыз. Отан қорғаушылар күн сайын өздерінің кәсіби шеберліктерін шыңдайтын 35748 әскери бөлімінде қызметтен тыс қалғандар – әскери қызметшілердің отбасылары туралы да ұмытпайды.**

Алдымен, бөлім командирі подполковник Д.А. Шарипов әскери бөлімнен тысқары, Приозерск қаласының тұрғындары қатарынан тұрмыс-тіршіліктері төмен, әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарға көмек көрсетуді жөн санады. Мұқтаж жандардың отбасыларында болған әскери лауазымды тұлға күнделікті тұрмыстық тіршіліктерін көзбен көріп, отбасыда тұрып жатқан тұрғындардан қандай шешуді қажет ететін мәселелері бар екенін сұрап білді. Отбасы мүшелеріне өзімен бірге ала келген азық-түліктерді үлестіріп, Жаңа жылда жаңа табыстарға жетуіне тіледі.

Бөлім командирі подполковник Дамир Алтайұлы өз кезегінде: «Біз әскери адам болған соң, ешкімді бөле жармау керекпіз. Нағыз Отан қорғаушы ретінде әлеуметтік қолдауды қажет ететін мұқтаж жандарға қол ұшын созып, көмек беруден жалықпағанымыз абзал» - деп ой түйді. Жаңа жыл қарсаңындағы осы бір игілікті іс-шара барысында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері Тілек Кенжебеков 06708 әскери бөлімі командирінің қасынан табыла білді.



## СПОРТШЫНЫҢ ӘСКЕРДЕГІ БІР КҮНІ



**ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БОКСШЫ, КӨПТЕГЕН ТУРНИРЛЕР МЕН ЧЕМПИОНАТТАРДЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ МИЛАНА САФРОНОВА ҚАРАҒАНДЫ ГАРНИЗОНЫНДА ОРНАЛАСҚАН 44803 ӘСКЕРИ БӨЛІМІНІҢ С-300 ЗЫМЫРАН ДИВИЗИОНЫНА БАРЫП, САРБАЗДАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ. БҮЛ КЕЗДЕСУ СҮРЕТ ПЕН ӘСКЕР АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА БАЙЛАНЫС ПЕН САРБАЗДАРДЫҢ РУХЫН КӨТЕРУДІҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ БОЛДЫ.**

Милана Сафронова өз сапары барысында сарбаздардың тұрмысымен жақынырақ танысты. Қазармаларды аралап, сарбаздар-

дың жұмыс орындарының қалай ұйымдастырылғанын көрді. Іс-сапардың маңызды бөлігі – Миланың сарбаздармен әңгімелесуі болды. Бокста үлкен жетістіктерге жеткен спортшы әскерилермен табандылықты, өзіне тәртіпке келтіруді және қиындықтарды жеңу тәжірибесімен бөлісті. Ол спорт пен әскери қызметте табысқа жету үшін сенім, қажырлылық және үздіксіз даму маңызды екенін атап өтті.

– Қиындықтар – бұл кедергі емес, мүмкіндік. Ең бастысы мойымай, кез келген жағдайда алға ұмтылу керек, - деп айтты Милана Сафронова.

Милана, сондай-ақ, әскери дайындыққа да қатысты. Ол Калашников автоматын және Макаров тапаншасын жинап, бөлшектеуді үйренді. Бұл жаңа тәжірибе болса да, спортшы табандылық пен ұқыптылық танытып, сарбаздарды таңғалдырды. Милана қаруды жинап, бөлшектеу процесін қызықты әрі пайдалы деп бағалады. Келесі сынақ толық әскери жабдыкпен кросс жүгіру болды. Әскери жейде, бронжилет және шлем киіп, Милана өзінің физикалық дайындығы мен төзімділігін дәлелдеді. Бұл жаттығу тек физикалық күшті ғана емес, рухани беріктікті де талап етеді. Күннің қорытындысында Милана сарбаздармен бірге әскер асханасында түскі ас ішті. Оған дәстүрлі әскери тағамдар ұсынылып, спортшы бұл сәттен ерекше әсер алды. Ол сарбаздардың күнделікті өмір салты мен атмосферасын жақыннан сезінді. Кездесу соңында Милана Сафронова мұндай тәжірибенің ол үшін құнды әрі ұмытылмас болғанын атап өтті. Әскери ортада өткізілген күн спортшыға сарбаздардың өмірін тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп қана қоймай, өз-өзіне жаңа қырынан қарауға ықпал етті. Боксшы әскери қызмет үлкен төзімділік пен тәртіпті талап ететінін және мұндай сапарлардың сарбаздардың рухын нығайту мен бірлікті арттыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Республикалық әскери-құқықтық газет

ASKERI ZANGER

Республиканская военно-правовая газета  
Издается  
ТОО «ГИС Әскери медиа»

Заведующий отделом  
Тимур АУБАКИРОВ

Заместитель директора  
по печатным СМИ  
Тимур КУБЕКОВ

Заведующий отделом  
Ерлібай ҚАДЫРБАЙ

Корреспонденты:  
Нариман ДЮСЕНОВ  
Рима ӘБЕУОВА  
Бақытгуль АБАЙҚЫЗЫ

Корректоры:  
Сымбат НҰРХАЙДАРОВА  
Наталья ВАРНАВСКАЯ

Дизайнер:  
Адил ШЕРИМБЕТОВ

Газета «Әскери зәңгер»  
общественного объединения  
«Альянс военных юристов»  
зарегистрирована 10 ноября 2016 года в  
Министерстве информации и коммуникаций  
Республики Казахстан  
Свидетельство № 16213-Г.

Мнения авторов не всегда  
выражают точку  
зрения редакции. Рукописи и фотографии не  
рецензируются и не возвращаются.  
Газета выходит 1 раз в месяц.  
Цена договорная.

Адрес редакции: РК, 010000, г Алматы,  
Бостандыкский район,  
улица Жарокова, дом 210 Б, офис 213

Тел/факс: 8(7172)25-21-63  
E-mail: info@sarbaz.kz  
Газета издается в типографии  
АО «Алматы-Болашак», г. Алматы,  
ул. С.Муканова, 223-Б.

Объем - 8 полос, офсетная печать

Индекс 64687  
Тираж 108  
Номер заказа №1